

"Банктегі уақытша әкімшілікті (уақытша әкімді) тағайындау тәртібі және өкілеттігі туралы" нұсқаулық жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 11 қыркүйектегі N 325 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 12 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 373. Күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы N 68 (V042818) қаулысымен.

Ескерту. Нормативтік құқықтық актінің атауындағы "ереже" деген сөз " нұсқаулық" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.31. N 330 ~V980705 қаулысымен .

Банк қызметінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру мақсатында, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қа у л ы е т е д і :

1. "Банктегі уақытша әкімшілікті (уақытша әкімді) тағайындау тәртібі және өкілеттігі туралы" Ереже бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктік қадағалау департаменті (Н.Қ.Абдуллина):

а) Заң департаментімен (А.Қ.Өртембаев) бірге "Банктегі уақытша әкімшілікті (уақытша әкімді) тағайындау тәртібі және өкілеттігі туралы" Ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін.

б) осы қаулыны және жоғарыда аталған Ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық Бас) басқармаларына (филиалдарына) және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы Қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұлттық Банк Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 11 қыркүйектегі
N 325 қаулысымен

бекітілген

**"Банктегі уақытша әкімшілікті (уақытша әкімді)
тағайындау тәртібі және өкілеттігі туралы"
Нұсқаулық**

Осы Нұсқаулық қолданылып жүрген банк заңдарына сәйкес жасалды және ол уақытша әкімшілікті (уақытша әкімді) тағайындау тәртібі мен өкілеттігін, сондай-ақ банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясы жойылған банктің қызметін тоқтату туралы сот іс қозғағанға дейінгі кезеңдегі жұмыс тәртібін а й қ ы н д а й д ы . < * >

Ескерту. Кіріспе өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.31. N 330 V980705_ қаулысымен .

1-тарау. Жалпы ережелер < * >

Ескерту. "I", "II" деген сандар тиісінше "1-тарау", "2-тарау" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.31. N 330 V980705_ қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияларды (бұдан әрі - Лицензияларды) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығында Z952444_ көзделген негіздер бойынша және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен жояды.

2. Егер Басқарманың Қаулысында лицензияны жою туралы өзгеше белгіленбеген болса, банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімі) өз қызметін лицензияны жою туралы шешім қабылданған күннен бастап және Ұлттық Банктің өтініші бойынша сот іс қозғағанға дейінгі кезеңде жүзеге асырады.

3. Лицензиясы жойылған банктің банктік немесе өзге қызметті жүзеге асыруға құқы жоқ, банкті ұстап тұруға арналған ағымдағы шығыстар мен банкке түскен ақшаны есепке алуға байланысты жағдайларда болмаса, өзіндегі банк шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтатуға міндетті.

**2-тарау. Уақытша әкімшілікті (уақытша әкімді) тағайындау туралы
шешім қабылдау тәртібі.
Уақытша әкімшіліктің (уақытша әкімнің) өкілеттігі**

4. Банктегі уақытша әкімшілікті (уақытша әкімді) тағайындау және құру тәртібі туралы шешімді Ұлттық Банк Басқармасы Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментінің (бұдан әрі - Банктік қадағалау департаменті) ұсынысы

бойынша оның банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияларының жойылуына байланысты қабылдайды.

5. Лицензияны жою және уақытша әкімшілікті (уақытша әкімді) тағайындау туралы шешім банктің қызметін тоқтату жөнінде іс қозғау туралы өтінішпен бірге 10 күн мерзім ішінде сотқа жіберіледі.

Лицензияны жою және уақытша әкімшілікті (уақытша әкімді) тағайындау туралы шешімнің көшірмесі банктің басшылығына қолын қойғыза отырып табыс е т і л е д і .

Шешімді қол қойғыза отырып табыс ету мүмкін болмаған жағдайда уақытша әкімшіліктің басшысы (уақытша әкім) бұл жөніндегі Ұлттық Банкке хабарлайды.

6. Банк басшылығы уақытша әкімшіліктің басшысына (уақытша әкімге) банк операцияларын жүргізу лицензиясын, банкті тіркеу жөніндегі құжаттарды, банк мөрлерін, мөртабандары мен бланкілерін және басқа құжаттар мен құндылықтарды қабылдап алу-өткізу актісі бойынша беруге міндетті.

7. Уақытша әкімшіліктің басшысы (уақытша әкім) банк мүлкінің сақталуын мынадай іс-әрекеттерді кешіктірмей орындау жолымен қамтамасыз етуге:

- банктің корреспонденттік шоттарын салыстыруға және оның кассаларына т е к с е р у жү р г і з у г е ;

- корреспондент-банктер мен Ұлттық Банктің облыстық (аумақтық) басқармаларына (филиалдарына) корреспонденттік шоттардың жүргізілетін орны бойынша банк атынан құжаттарға қол қоюға құқылы лауазымды адамдардың қолдарының үлгілері бар жаңа карточкаларды беруге;

- негізгі қаржылар мен материалдарды түгендеуге, сондай-ақ баланстық және баланстан тыс шоттардың барлық қалдықтарын салыстыруға;

- банкті басқаруды қамтамасыз ету бойынша басқа да қажетті іс-шараларды о р ы н д а у ғ а м і н д е т т і ;

- банктің, оның айырбастау пункттерінің кассасындағы ақша қалдығы банктің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шотына аударылсын;<*>

- банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияны жою және банк клиенттерінің уақытша әкімшілік (уақытша әкім) тағайындау туралы шешімінің көшірмесі орналастырылсын;<*>

- ай сайын банктің белгіленген есебін жасасын және оған қоса Ұлттық Банкке N 1, 2 қосымшаларымен бірге банк балансының ұсынымын, пруденциалдық нормативтердің және басқа да сақталуға міндетті нормалар мен лимиттердің орындалуы туралы, активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу туралы, ең аз резервтік талаптар туралы есебін және басқа мәліметтерді тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберсін.<*>

Ескерту. 7-тармақ жаңа азатжолдармен толықтырылды - ҚР Ұлттық

Банкі Басқармасының 1998.12.31. N 330 V980705_

қ а у л ы с ы м е н

8. Банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімі) өз қызметі кезеңінде осы Ереженің 3-тармағында көзделген жағдайларда болмаса, шығыс операцияларын жүзеге асыруға және банк бұрын жасаған келісімдердің шарттарын өзгертуге қ ұ қ ы ж о қ .

9. Ұлттық Банктің өтініші бойынша сот іс қозғаған күннен бастап үш күннің ішінде уақытша әкімшілік (уақытша әкім) жүргізілген жұмыстар туралы есеп жасап, Ұлттық Банкке және банк қызметін тоқтату туралы өтінішті қарайтын с о т қ а б е р у г е м і н д е т т і .

10. Банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімі) өз өкілеттігін банк қызметін тоқтату туралы іс қозғалғаннан кейін 10 күннен аспайтын мерзім ішінде тоқтатады және банктің құжаттары мен мүлкін банктің арнайы басқарушысына б е р е д і .

11. Банктің уақытша әкімшілігінен (уақытша әкімінен) оның сот тағайындаған арнайы басқарушысының банктің құжаттары мен мүлкін қабылдап алуы-өткізуі 4 дана етіп жасалған актімен ресімделеді және оны сот бекітеді. Актінің сот бекіткен бір данасы Ұлттық Банкке жіберіледі.

3-тарау. Қорытынды ережелер

Осы Нұсқаулықпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына с ә й к е с ш е ш і л у і т и і с .

Ескерту. Нұсқаулық 3-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.31. N 330 V980705_ қаулысымен .

Төраға